



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

2022 жылғы 22 сәуір мен 6 мамыр аралығындағы
жекелеген дамушы елдердің валюталарына шолу

2022 жыл, 11 мамыр

Сауда-саттық қорытындысы бойынша, 6 мамырда теңгенің нарықтық бағамы екі аптада 2,1%-ға (443,99 теңгеден) нығайып, 1 АҚШ доллары үшін 434,47 теңге деңгейінде қалыптасты. Дамушы нарықтарда валюталардың динамикасы әртүрлі бағытта өрбіді. Сыртқы валюта нарығында бірқатар маңызды оқиға болды. 4 мамырда АҚШ ФРЖ Орталық банктің мөлшерлемені болжанған көрсеткіштен де арттыратыны туралы қаупін әлсіретіп, пайыздық мөлшерлемені 2000 жылдан бері алғаш рет 50 б.т. арттырды. Қытайда COVID-19 қайта өршуімен күресу шараларынан туындаған жеткізілім тізбегіндегі проблемалар аясында тұтыну бағасының өсуі байқалады (сәуірде CPI индексі жылдық мәнде 2,1%-ға өсті).

Дамушы елдерде АҚШ долларына қатысты валюталар бағамының¹ серпіні төмендегідей қалыптасты:

Ресей рублі күшті сауда сальдосы, өспелі мұнай және күрделі операцияларға қойылған шектеулер аясында 8%-ға (75,45-тен 69,4²-ке дейін) нығайды. Сондай-ақ, РФ Орталық банкінің негізгі мөлшерлемені 14%-ға дейін 300 б.т. төмендету жөніндегі шешімінен кейін рубльдің өсуі қарқын алды;

Мексика песосы АҚШ ФРЖ-ның болашақта ақша-кредит саясатын агрессиясыз қатаңдату туралы мәлімдемесі аясында 0,5%-ға (20,23-тен 20,13-ке дейін) нығайды;

үнді рупиясы АҚШ DXY доллары индексінің нығаюы және мұнай бағасының қайта өсуі аясында 0,6%-ға (76,48-ден 76,92-ге дейін) әлсіреді. 4 мамырда Үндістанның Резервтік банкі пайыздық мөлшерлемені 4,4%-ға дейін 40 б.т. арттырды;

Индонезия рупиясы АҚШ қазынашылық облигациялары кірістілігінің өсуі кезінде АҚШ долларының нығаюы аясында 0,8%-ға (14362-ден 14480-ге дейін) әлсіреді;

түрік лirasы жаһандық тәуекел-сентименттің төмендеуі мен сәуір қорытындысы бойынша инфляцияның 69,97%-ға дейін үдеуі аясында 1,4%-ға (14,74-тен 14,95-ке дейін) әлсіреді;


Оңтүстік Африка ранды шетелдік капиталдың әкетілуі мен мерекелік демалыс күндері жергілікті нарықтардың жабылуына байланысты сауда көлемінің төмендеуі аясында 2,5%-ға (15,61-ден 16-ға дейін) әлсіреді;

Бразилия реалы Орталық банктің базалық пайыздық мөлшерлемені 12,75%-ға дейін 100 б.п. арттыруына қарамастан, тәуекел дәрежесінің нашарлауы мен АҚШ долларының нығаюы аясында 5,8%-ға (4,8-ден 5,08-ге дейін) әлсіреді.


¹ АҚШ долларына қатысты көлемі тұрғысынан барынша көп саудаланатын дамушы елдердің валюталары

² МОЕХ белгіленген бағасына сәйкес



**Дамушы елдерде валюталар бағамының АҚШ долларына қатысты өзгеруі, %
(2022 жылғы 22 сәуір мен 6 мамыр аралығында)**



**Дамушы елдерде валюталар бағамының АҚШ долларына қатысты өзгеруі, %
(2022 жылдың басынан бастап 6 мамыр аралығында)**



Дамушы елдердегі валюталардың серпіні
(2022 жылғы 22 сәуір =100, индекстің өсуі – валютаның нығаюы)



БАҚ өкілдері толығырақ ақпаратты мына телефон арқылы ала алады:

8 (7172) 77-52-10

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz